

ШАТАҚ ҚЫЗДЫҢ ШАТПАҚ КҮНДЕЛІГІ

Авторы әрі иллюстраторы
Нұр Домбайжы



JOLIANT
SAATCHI & SAATCHI

Авторы әрі иллюстраторы Нұр Домбайжы

Нұр Домбайжы бала кезінде кітаптағы суреттерді де жазушының өзі салады деп ойлайтын. Сөйтіп өзі ойлап тапқан әңгімелерге түрлі иллюстрациялар сала бастаған.

Кейін, бала кездегі арманы орындалып, көркемдеуші-суретші ретінде бірнеше баспамен жұмыс жасады. Араға біраз уақыт салып, «Кішкентай пысықайлардың ас үйі» және «Өнер тапқыштың немересі болу – қиынның қиыны» атты кітаптары жарық көрді. Әрине, олардың суретін Нұр Домбайжы өзі салып шықты. Міне, жазушы ретіндегі алғашқы қадамы осылай басталды.

Қазіргі таңда тек өз қаламынан шыққан туындыларға сурет салады, себебі оның жаңа кітапқа сұранып тұрған идеялары жетерлік.

Нұр Домбайжы арманға беріліп, көп оқығанды, түрлі оқиғаларға толы кітап жазғанды және сурет салуды қатты ұнатады.



Қалдарын қалай?

ШАТАҚ ҚЫЗДЫҢ ШАТПАҚ КҮНДЕЛІГІ

Авторы әрі иллюстраторы
Нұр Домбайжы

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-44
Д 60

Д 60 **Домбайжы, Н.**
Шатақ қыздың шатпақ күнделігі / Нұр Домбайжы. – Астана :
Фолиант, 2019. – 128 б.

ISBN 978-601-338-170-1

Оқуда алғырлық танытпайтын, қашан көрсең біреумен ренжісіп жүретін, тіпті ешкіммен дұрыс араласпайтын құрбың бар ма?

Біздің Бүш те сондай еді, шашы ұйпа-тұйпа болып, қолына түскенін киіп кете баратын. Қыздардан гөрі ұлдармен дос болып, футбол ойнағанды ұнататын. Ал анасы үнемі: «Кәдімгі қыздар сияқты жүрсеңші», – деп ренжитін...

Күндердің күнінде өзін қолға алмақ болып, Бүш күнделік жаза бастады. Сөйтіп өзгеру жолындағы жеңістері мен жеңілістерін күнделігімен бөлісіп отырды. Қалай ойлайсыз, бұл оның қолынан келер ме екен?

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-44

Барлық құқықтары қорғалған. Кітаптың кез келген бөлігін баспаның жазбаша рұқсатынсыз көшіріп басуға, әр түрлі қалыпта пайдалануға және сақтауға, сондай-ақ таратуға рұқсат етілмейді.

ISBN 978-601-338-170-1

© Домбайжы Н., 2018
© «Фолиант» баспасы, 2019

Өзіме үзде беремін!!!

Бұдан былай бәрін жаңадан бастамақпын. Тәртіпті, ақылды қыз болатыныма сүйікті кәуабым мен тоқашымның атынан ант етейін!

Керемет! Міне, енді менің де күнделігім бар. Жазуды үйренгелі бері бір күнделігім болса деп армандағанмын. Алайда барлық қыздар секілді «Сүйікті күнделігім» деп жазғым келмегендіктен, әлі бастамай жүргенмін.

Ех, басқа қыздар секілді болуым үшін бұл тәртіпке де бағынуым керек шығар.



Сүйікті күнделігім...
Қалың қалай?! ♥♥

Иә, жауап күтпестен әңгімемді жалғастыра беру керек сияқты. (Түу, өзімді ақымақ сияқты сезініп отырғаным).



Жарайды, менде бәрі жақсы.
Сүрініп-қабынып жүрмін әйтеуір.



Рас айтамын!

Бірнеше күн бұрын бір көзім
ашылмаған, бір көзім соңғы ха-
барламаларды түгендеп, дәрет-
ханаға қарай бара жатқанымда,



А

түнде шешкен шалбарыма (тұрғанда кие салуға оңай болсын деп әдейі солай қойғанмын ғой) шалынып, оңбай құладым.

А
А
А

Ой, мынауым нағыз дабылдан кем болмады. (Әдеттегідей) таңғы ас әзірлеп жүрген анам мұндайыма үйреніп қалған, дегенмен бұрқылдап бірдеңе айтып жатыр.

